ҚОҚЫСТЫ ЖОЮ

ҚОҚЫСТЫ ЖОЮДЫҢ КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНАДЫ:

- 1. Қоқысты аулалық метал қоқыс жинағыштарға жинайды, олардан қоқыс күн сайын әкетілінеді (қала типті 5 қабатқа дейінгі тұрғын үйлерде);
- 2. Қоқысты әкету кезеңмен (апата сайын немесе ай сайын) (поселка типті аз қабатты үймереттерде);
- 3. Қоқысты өткізу жүйесі.

НЕГІЗГІ ҚОҚЫСӨТКІЗГІШ (ҚОҚЫСТЫ ЖОЮ) ТҮРЛЕРІ

- суық (құрғақ) қоқысөткізгіштер;
- ыстық (оттық) қоқысөткізгіштер;
- гидравликалық жүйелер (сулы жүйе);
- пневматикалық жүйелер (вакуумды);
- жергілікті қоқыс жағу пештері;
- қоқысұнтақтағыштар (пәтерлік, аулалық, қалалық)

Қоқысөткізгіш тұрғын үйлердің **ас үйінде** немесе **баспалдақ алаңдарында** орналасатын, асбестцементті немесе темірбетон құбырлардан жасалған, қима диаметрі 400-500 мм тік каналдан тұрады.

Қоқысөткізгіш каналы, төменгі жағынан жертөледе немесе сыртқа шығатын есігі бар үймереттің бірінші қабатында орналасқан қоқыс қабылдағыш камерамен аяқталады. Камераның төменгі өлшемдері: биіктігі 2,5 м, ені және ұзындығы 1,5-2,0 м, ауданы 4,0 м2 аз емес.

ҚОҚЫСӨТКІЗГІШ



Суық қоқысөткізгіш сұлбасы
1 – бункер жаппасы (шибер);
2 – дің (канал);
3 – ерш;
4 – вентиляция (вытяжка);
5 – жоғарғы камера;
6 – трос;
7 – лебедка;
8 – қабылдаушы клапан;
9 – төменгі камера;
10 – суғару шүмегі;
11 – раковина;
12- трап;
13 – канализациялық құбыр;
14 – қоқысжинағыш;

Канал бойымен төмен түсетін қоқыс метал бункерлерге түседі, одан оқтын-оқтын сыйымдылығы 80-100 л қоқыс жинағыштарға тасталынады. Бункер сыйымдылығы қоқыс өткізгіш қызмет көрсететін пәтерлер санына байланысты.

Қоқысөткізгішті жоғарғы жағынан арнайы камераға чердакка шығарады.

Бір пәтерге немесе пәтерлер тобына қызмет көрсету үшін әдетте баспалдақтар клеткасына, қабатаралық алаңдарға, кейде ас үйлерге қоқыс қабылдағыш клапандар орнатады.

ҚОҚЫС ҚАБЫЛДАУШЫ КЛАПАН

- Қоқыс қабылдаушы клапан қоқыс өткізгіштің қысқа құбырына бекітілген айналмалы және герметикалық жабылатын коробкадан тұрады. Тастауға ыңғайлы болу үшін клапан еденнен 0,8-1,0 м биіктікте орнатылады. Клапанның құрылымы және өлшемдері шахтаға ірі қоқыстардың тасталу мүмкіндігін болдырмайды және қоқысты каналға тастау кезінде иістің және шаңның түсуін болдырмайды. Клапан өлшемдері канал қимасынан әрқашан аз болады және әдетте 200, 300 мм қабылдайды. Қоқысты әкетуші патрубок (қысқа құбыр) каналға қарай 70° бұрышпен орнатылады.

ҚОҚЫСӨТКІЗГІШТІҢ ТӨМЕНГІ КАМЕРАСЫ

- Төменгі камера диаметрі 25 мм суғару кранымен және ыстық және суық су жеткізілген раковинамен жабдықталады. Суды канализацияға әкету үшін еденге Ø 50 мм отқа төзімді материалдан жасайды.
- Камера едені трапқа қарай 0,02 ылдилықпен бағытталады.
- Төменгі камера жылытылу қажет және еденнен 2 м биіктікте таза ауаның келуі және ауаның бункер керегесі және қоқыс өткізгіштің діңі арқылы сорылуы қамтамасыз етілу қажет.

ҚОҚЫС ӨТКІЗГІШТІҢ ЖОҒАРЫ КАМЕРАСЫ

- Жоғары камераны (тазалау коробы) діңді тазарту құрылғысымен (блокты троспен, ершпен және қақпағы бар люкпен) сонымен қатар қоқыс құбырының желдетілуі үшін ауаны сору құбырымен (вытяжка) жабдықталады. Сору құбыры жабын үстінен кем дегенде 0,5 м жоғары шығарылады. Суық қоқыс өткізгіштерді оқтын – оқтын ершпен тазалап, сумен жуып, дезинфекциялайды.

Кейбір жағдайларда ыстық (оттық) қоқыс өткізгіштер орнатылады, мұнда қоқыс тәулігіне 1 рет (әдетте түнгі уақытта) жағылады және жанған өнім дің арқылы және түтін құбыры арқылы шығарылады және бұл діннің ішкі бетін жақсы дезинфекциялауға мүмкіндік береді.

Бірақ жану камерасы құрылымының күрделілігі, көп мөлшерде күлдің және шлактың болуы, қала ауасының түтінмен ластануы ыстық қоқыс өткізгіштерді қолдануды шектейді. Ең алдымен мұндай қоқыс өткізгіштер емдеу мекемелерінде орнатылады.

Қабылдау резервуарымен жабдықталған сулы қоқысөткізгіштерде қалдықтар сумен бірге оқтын оқтын тұрмыстық канализация жалғанған жинағыштарға тасталынады.

Кемшіліктері: гигиеналық жағынан жеткілікті емес; судың, электір энергиясының көп шығынын және қоқысты ұнтақтау құрылғысын қажет етеді

Сондықтан біздің елде қолданылмайды.

Үймереттерден қоқысты жою үшін тұрмыстық канализаци желісі қолданылуы мүмкін. Мұндай қоқысты жою жүйесі канализацияға қоқысты ағызу деп аталады. Мұндай жүйеде қол жуғыш немесе ыдыс жуғыш астына қоқысты ұнтақтағыштар қарастырылады. Онда тамақ қалдықтары ұнтақталып, 1—1,5 кг тамақ қалдығына 8—10 л су есебінен сумен ерітіліп, үймереттің канализаци желісіне тасталынады. Мұндай жүйеде ұнтақтауға келмейтін қатты қалдықтар үшін жеке жинағыштар болу қажет.

ГРАВИТАЦИЯЛЫҚ-ВАКУУМДЫ ҚОҚЫСТЫ ЖОЮ ЖҮЙЕСІ





СУРЕТКЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

- 1 – қоқысты қабылдау құрылғысы; 2 - ұсақтағыш
- 3 – құбыр; 4 – сепаратор пресс; 5 – қоқыс қабылдағыш контейнер; 6 – сүзгі; 7 - турбина
- Вакуум тудырушы сораптар жеке үймеретте орналастырылады.
- Артықшылығы: жағымсыз иістің аулада, подъезде мүлдем болмауы; кеміргіштердің және насекомдардың пәтерлерде, баспалдақ алаңдарында, үймерет маңында пайда болуы ықтималдылығы нөлге тең; аулалардың көркін бұзып, толып тұратын бактар мен урналардың болмауы.
- Қолданылат: Америкада және Европаның кейбір елдерінде